


Бекітемін:
Авиация колледжінің директор

А.Саретбаев
« 02 » 09 2025ж.

Педагогикалық кеңес отырысында қаралды
№ 1 хаттама «29» 08 2025ж.

АВИАЦИЯ КОЛЛЕДЖІНІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ереже Авиация колледжі (бұдан әрі АК) студенттері әрекетінің ішкі тәртібін айқындайтын негізгі нормативтік акт болып табылады.
- 1.2. Ішкі тәртіп Ережелерін сақтауға қатысты мәселелерді колледж әкімшілігі өзіне берілген құқықтар шегінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес колледждің студенттік өзін-өзі басқару ұйымымен келісе отырып шешеді.

2. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 2.1. Күндізгі бөлімде оқитын студенттердің оқу жылы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде басталып, келесі жылдың 30 маусымында аяқталады. Ол екі семестрге бөлінеді: күзгі - 20 апта және көктемгі -20 апта, олардың әрқайсысы сынақ - емтихандық сессиясымен аяқталады
- 2.2. Колледждегі оқу сабақтары қатаң түрде кесте бойынша жүргізіледі. Сабақтың ұзақтығы 90 минут.
- 2.3. Студенттердің сабаққа қатысуы және сабақты босатуы: студент мамандықтардың оқу жоспарларында қарастырылған және сабақ кестесіне енгізілген оқу сабақтарының барлығына қатысуға міндетті. Студенттердің сабаққа қатысу есебін оқу тобының старостасы оқу сабақтарына қатысу туралы журналда белгілейді. Студенттің сабаққа келмеу себебіне карамастан, оқу тобының старостасы студенттің сабаққа қатысу есебінде болмауын белгілеп отыруға міндетті. Қатыспау себебі (себепті немесе себепсіз) туралы белгілерді куратор сабаққа қатысу мәліметтерінде жүргізеді. Сабақтарды себепсіз босатқандары үшін студенттерге әкімшілік және тәртіптік ықпал ету шаралары, тіпті колледжден шығаруға дейінгі шаралар қолданылуы мүмкін.

3. СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

- 3.4. әрқашан өзімен бірге студенттік билетін алып жүруге, оны вахтада және колледж қызметкерлері мен оқытушыларының талап етуі бойынша көрсетуге;
- 3.5. сабаққа келмеген жағдайда студент 3 күндік мерзімде топ кураторын немесе бөлім меңгерушісін хабардар етуге, ауырған жағдайда сабаққа шыққан кезде медициналық анықтамасын көрсетуге міндетті;
- 3.6. оқу-тәрбие жұмыстарына және практика базаларына белсенді қатысуға, сондай-ақ, белгіленген жұмыс режимін сақтау;
- 3.7. үнемі жалпы мәдениетті сақтауға, адамгершілік және физикалық жетілдіруді арттыруға;
- 3.8. тәртіпті болуға және Азаматтық авиация академиясының Жарғысын сақтауға;
- 3.9. ішкі тәртіп ережелерін орындауға, студенттің Академия Жарғысында және ішкі тәртіп Ережелерінде көрсетілген міндеттерді бұзғаны үшін оған әкімшілік және тәртіптік жазалар, тіпті оқудан шығару туралы шаралар қолданылуы мүмкін;
- 3.10. Авиация колледжінің оқытушыларына, қызметкерлеріне, білім алушыларына және элеуметтік серіктестеріне әдептілік танытуға және құрметпен қарауға;
- 3.11. 1 курс студенттеріне авиациялық оқу формасын сатып алғанға дейін сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды қатаң сақтау керек: ұлдар үшін қысқа немесе ұзын жеңді өрнектері мен суреттері жоқ ашық түсті классикалық жейде (қатты пішінді жағасы бар). Шалбар классикалық көк, кара; шалбардың төменгі жағындағы ені кемінде 40 см. кем емес. Аяқ киім: аяқ киім-кара, кара көк және қоңыр түсті. Қыздар үшін - пенжек, көкірекше, юбка, шалбар, жейде (койлек). Қыздарға арналған шалбар-ұзындығы аяқтың тобығына дейін жабатын кең пішілген. Қыздарға арналған аяқ киім: аяқ киімнің классикалық формасына сәйкес қара, кара көк және қоңыр түсті болуы тиіс.
- 3.12. тыйым салынады: оқу сабақтары кезінде (дене шынықтыру сабағынан басқа кезде) тенниска, футболка, майка, топ, кроссовка және т. б. спорттық аяқ киім киюге;
- 3.13. ұлдар мен қыздарға арналған спорттық киім түрлері: спорттық костюм (спорттық шалбар және футболка), спорттық аяқ киім (кроссовкалар немесе келілер);
- 3.14. ұлдар мен қыздар үшін ұқыпты іскерлік шаш үлгісі міндетті. Қыздардың ұзын шаштары буып жиналған немесе орілуі тиіс. Шаштың түсі түрлі-түсті элементтері жоқ бір түсте болуы керек. Ұлдарға қысқа шаш, шаштың көлемін «түйіндеп» жинауға және ұзын ғып өсіруге тыйым салынады;
- 3.15. пирсингтің кез-келген түрін тағуға, сондай-ақ дененің ашық жерлерінде татуировканы көрсетуге тыйым салынады;
- 3.16. қыздарға арналған макияж бір қалыпты болуы тиіс;
- 3.17.1-4 курстың барлық студенттері жоғарыда аталған тармақтарға сәйкес сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды қатаң сақтау керек.

4. КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ. КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІ ТӨМЕНДЕГІ ҚҰҚЫҚТАРҒА ИЕ:

- 4.1. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;
- 4.2. денсаулықты қорғауға және нығайтуға, медициналық көмек қызметін қолдануға;
- 4.3. шәкіртақы және ҚР заңнамасында көрсетілген басқа да жеңілдіктер алуға;

4.4. колледж қызметінің маңызды мәселелерін талқылауға және шешуге, оның ішінде қоғамдық ұйымдар мен оқу орындарын басқару органдары арқылы талқылауға қатысуға;

4.5. толық оқу курсы бітіргенге дейін әскери қызметке шақыруды оқудан соң кейінге қалдыруға құқылы.

5. КОЛЛЕДЖ ҒИМАРАТЫНДА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

5.1. сыртқы киіммен (пальто, күртеше, қалың жеңсіз күртеше және жемпір), сондай-ақ бас киіммен жүруге;

5.2. қатты сөйлеуге, колледж ішінде шу шығаруға; әдепсіз сөздерді қолдануға;

5.3. колледж әкімшілігінің немесе оқытушылардың келісімінсіз зертханалардан, оқу және басқа да бөлмелерден колледждің жиһаздары мен түрлі жабдықтарын шығаруға;

5.4. Академия мен колледж ғимаратында және оның аумағында темекі өнімдерін (электрондық темекілер мен кол кальяндарын) пайдалануға, сағыз шайнауға;

5.5. колледж ғимаратына адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін заттар мен құралдарды әкелуге;

5.6. сабақ кезінде оқытушылардың рұқсатынсыз ұялы байланыс құралдары мен өзге де электрондық құрылғыларды пайдалануға;

5.7. алкогольді ішімдіктерді, есірткілерді және улы заттарды қолдануға;

5.8. Академия мен колледж ғимараттарында, сондай-ақ академияға іргелес аумақтарда құмар ойындар ойнауға, темекі шегуге;

5.9. студенттер мен оқытушыларға дөрекілік көрсетуге, қарым-қатынасты анықтау үшін дене күштерін қолдануға;

5.10. колледж әкімшілігінің келісімінсіз өзімен бірге колледж ғимаратына бөгде адамдарды әкелуге;

5.11. әкімшілік және қылмыстық сипаттағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды жасау кезінде куә болған жағдайда дереу кураторларға немесе колледж әкімшілігінің басқа қызметкерлеріне хабарланыз.

5.12. топ студенттері мен басқа да білім алушыларға психологиялық және моральдық қысым көрсету жағдайларын жасауға (айдап салуға, кемсітуге және жеке басының қадір-қасиетін қорлауға) тыйым салынады.

6. КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ТАЛАПТАРЫН БҰЗҒАНДАРЫ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘРТІПТІК ЖАЗАЛАР.

6.1. Колледж студенттеріне жүктелген міндеттерді бұзғандары үшін осы Ережемен келесі тәртіптік жазалар белгіленеді: ескерту, қатаң сөгіс, колледжден шығару.

Ескерту осы Ереженің 5-тармағын бұзғаны үшін жарияланады.

Қатаң сөгіс 5.3; 5.5; 5.7; 5.11; 5.12 т. бірнеше рет бұзғаны үшін жарияланады.

Колледжден шығару 5.7, 5.9.т. бірнеше рет бұзғаны үшін жарияланады.

6.2 студенттерді колледжден шығару келесі жағдайларда жүргізіледі: 6.2.1 өз еркімен; (студенттің өтініші бойынша)

6.2.2 денсаулық жағдайына байланысты; (тиісті медициналық құжатты ұсыну бойынша)

6.2.3 Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша:

- академиялық қарыздары үшін;
- жатақханада тұру ережелерін бұзғаны үшін;
- білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың талаптарын орындамағаны үшін;
- мүлікті қасақана бүлдіру немесе материалдық залал келтіруге әкеп соқтыратын өзге де
- оқу сабақтарына жүйелі түрде кешігуі немесе сабаққа келмегені үшін;
- бұзақылық әрекеттер.

6.3 кәмелетке толмаған студенттерді шығару Алматы қаласы Түрксіб ауданының ЖПҚ ЮПБ инспекторының келісімі бойынша жүргізіледі.

6.4 Тәртіптік шараларды колледж директоры қолданады.

6.5 Тәртіптік жазалар туралы шешімдерді әкімшілік, АК ұжымы студенттік өзін-өзі басқару Ұйымымен бірлесе отырып қабылдайды.

7. ОҚУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ ҮШІН МАДАҚТАУ

7.1. Оқудағы жетістіктері және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін колледж студенттеріне моральдық және материалдық көтермелеудің келесі нысандары белгіленеді:

- колледждің Құрмет тақтасына енгізу;
- алғыс жариялау;
- үздік оқығаны үшін ақы төлеу бойынша жеңілдіктер беру;

7.2. мадақтау АК директорының өкімімен жарияланады және колледждің барлық студенттерінің назарына жеткізіледі.